

ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №1

Мекеме: «Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Оқу жылы: 2025–2026

Күні: 08 қыркүйек 2025 ж.

Өтетін орны: Балабақша мәжіліс залы

Қатысқандар: Педагогтар мен қызметкерлер

Төрайым: М.Х. Махутова

Хатшы: Ә. Муалбаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспардың басталуы және негізгі бағыттарымен таныстыру.
2. Балабақшадағы санитарлық-гигиеналық талаптардың жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Балалардың қауіпсіздігі, еңбек тәртібі және қызметкерлердің жауапкершілігі.
4. Қыркүйек айындағы ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстарды жоспарлау.
5. Әртүрлі сұрақтар.

1-мәселе бойынша:

"2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспардың басталуы және негізгі бағыттарымен таныстыру"

Тыңдалды: Әдіскер Махутова М.Х.

Әдіскер жылдық жоспардағы басты бағыттарға тоқталды:

- оқу-тәрбие процесі жаңа бағдарламалық талаптарға сай ұйымдастырылуы;
 - топтардағы дамытушы ортаны жаңарту;
 - педагогтердің әдістемелік құзыреттілігін арттыру;
 - балалардың эмоциялық-жеке даму бағытына ерекше көңіл бөлу;
 - ата-аналармен жаңа форматтағы жұмыс жолға қойылатыны айтылды.
- Жылдық жоспар педагогикалық кеңес шешімімен бекітілгені атап өтілді.

Шешімі: Жылдық жоспардың орындалуын тұрақты бақылауға алу.

Әр топ тәрбиешісі жеке жылдық жұмыс жоспарын нақтылап бекітсін.

2-мәселе бойынша:

"Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы"

Тыңдалды: Балабақша медбикесі :

Медбике жаңа оқу жылы қарсаңындағы дайындықты баяндады:

- топ бөлмелерінің санитарлық ахуалы, кварц шамдарының жұмысқа жарамдылығы;
- ас блогындағы жабдықтардың тексерілгені;
- жаз соңындағы профилактикалық дератизация жүргізілгені;

– балалардың тамақтану рационын қыркүйек айына бейімдеу;

– ЖРВИ және маусымдық аурулардың алдын алу бойынша нұсқаулықтар жүргізілгені.

Шешімі:

1. Санитарлық талаптардың орындалуы күнделікті бақылауда болсын.
2. Топтарға гигиена құралдарын толық қамтамасыз ету.
3. Әр тәрбиеші күн сайын желдету, кварцтау журналын уақытылы толтырсын.

3-мәселе бойынша:

"Балалардың қауіпсіздігі, еңбек тәртібі және қызметкерлердің жауапкершілігі"

ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №2

Мекеме: «Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Оқу жылы: 2025–2026

Күні: 12 қаңтар 2026 ж.

Өтетін орны: Балабақша мәжіліс залы

Қатысқандар: Педагогтар мен қызметкерлер

Төрайым: Махутова М.

Хатшы: Муалбаева Ә.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшадағы тамақтану сапасына жүргізілген сараптаманың қаңтарға дейінгі қорытындысы.
2. 2025–2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы балалардың науқастану деңгейін талдау.
3. Қаңтар айындағы өзекті ұйымдастырушылық мәселелер.

1-мәселе бойынша:

"Балабақшадағы тамақтану сапасына жүргізілген сараптама қорытындысы"

Тыңдалды: Медбике: Кабакова Б

Баяндамашы қыркүйек–желтоқсан айларында жүргізілген сараптама нәтижелерімен таныстырды:

- 10 күндік ас мәзірінің жаңа санитарлық талаптарға сәйкес жаңартылғаны;
- балаларға берілетін тағамдардың сапасы мен салмақтық нормалары бірнеше рет тексеріліп, сәйкестік анықталғаны;
- азық-түлік жеткізушілерінен қабылданатын өнімдердің құжаттары, сертификаттары толық рәсімделіп отырғаны;
- кейбір күндері көкөніс салаттары бойынша қалдықтың артқаны, бұл балалардың таңғы асқа бейімделуімен байланысты екені айтылды;
- қызметкерлер тарапынан ас блогындағы санитарлық тәртіп қанағаттанарлық деңгейде сақталғаны атап өтілді.

Шешімі:

1. Ас мәзірін күнделікті бақылау жалғастырылсын.
2. Тәрбиешілерге балалардың тағам қабылдау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүргізу тапсырылсын.
3. Азық-түлік қабылдау кезінде жарамдылық мерзімі мен сапасына қатаң бақылау орнатылсын.

2-мәселе бойынша:

"2025–2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы балалардың науқастану деңгейін талдау"

Тыңдалды: Балабақша медбикесі Кабакова Б.

Медбике бір жарым жылдық аурушандық көрсеткіштерімен таныстырды:

- ЖРВИ, риновирус, маусымдық суық тию аурулары жиі тіркелгені;
- Қыркүйекте бейімделу кезеңіне байланысты сырқаттану біршама жоғары болғаны;
- Қараша айында ауру көрсеткіші төмендеген, желтоқсанда қайта өсім байқалған;
- Балалардың жеке бас гигиенасы, қол жуу ережелерін сақтау, топтардағы кварцтау және дезинфекция тұрақты жүргізілгені;
- Имунитетті көтеру мақсатында дәруменді шайлар мен серуен уақытын тиімді ұйымдастыру қажеттілігі айтылды.

ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №3

Мекеме: «Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Оқу жылы: 2025–2026

Күні: 26 мамыр 2026 ж.

Өтетін орны: Балабақша мәжіліс залы

Қатысқандар: Педагогтар мен қызметкерлер

Төрайым: М. Махутова

Хатшы: А.Басбаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылының жылдық жоспарына жүргізілген сараптама.
2. Жазғы сауықтыру маусымына дайындық жұмыстары.
3. Балалардың жазғы қауіпсіздігі және профилактикалық шаралар.
4. Әртүрлі мәселелер.

1-мәселе бойынша:

"2025–2026 оқу жылының жылдық жоспарына жүргізілген сараптама"

Тыңдалды: Әдіскер Махутова М.Х.

Әдіскер оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға талдау жасады:

- оқу қызметтері жаңартылған бағдарламаға сай жүйелі өткізілгені;
 - тәрбиешілердің күнделікті және перспективалық жоспарлары уақытында және дұрыс жүргізілгені;
 - балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының айтарлықтай өскені;
 - «Ата-ана – бала – тәрбиеші» үштік байланысының нығайғаны, ата-аналармен ақпараттық және практикалық жұмыстардың артуы;
 - әдістемелік іс-шаралар (көрме, ашық көрсетілімдер) жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны;
 - жыл бойы өткізілген мерекелік, тәрбиелік іс-шаралардың сапалы өткендігі айтылды.
- Жалпы сараптама нәтижесінде жылдық жоспар толық көлемде және тиімді орындалғаны атап өтілді.

Шешімі:

1. Жылдық жоспардың орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Келесі оқу жылында әдістемелік жұмысты инновациялық бағытта жетілдіру ұсынылсын.

2-мәселе бойынша:

"Жазғы сауықтыру маусымына дайындық жұмыстары"

Тыңдалды: Шаруашылық меңгерушісі Махутова С.

Баяндамашы жазғы маусым алдындағы дайындық барысымен таныстырды:

- аула аумағында санитарлық тазалау жүргізілгені, қоқыс шығару, ағаштар мен бұталарды қалыпқа келтіру;
- құм салғыштарға жаңа құм толтырылғаны;
- балалар алаңдарындағы ағаш шағын архитектуралық формалар мен ойын құралдары тексерілгені;
- желдету жүйелері, жазғы душ, су ыдыстары қайта қаралғаны;
- жазғы топтардың ішкі жай-күйін жақсарту мақсатында шағын жөндеу жұмыстары жүргізілгені;
- жазғы сауықтыру бағдарламасының жобасы дайындалғаны баяндалды.